



**АСТАНА АКШАМЫ**

## КӨРНЕКТІ АҚЫННЫҢ АЙШЫҚТЫ КЕШІ

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Конгресс-холда арқалы ақын, драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ҚР еңбек сінірген қайраткері Серік Тұрғынбекулының «Тәуелсіздікке тағзым» атты шығармашылық кеші өтті. Ақынның 70 жылдығына арналған кеште өлеңдері оқылыш, сөздеріне жазылған әндер шырқалды.



### Ақ тілектер ақтарылды

Қазақстанның Халық жазушысы Сәкен сері Жұнісов қазақтың қара өлеңінің ақжал арыстанына теңеген ақынға Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова, Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммед, Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалин, Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев жолдаған құттықтау хаттары оқылды. Астана қаласының әкімі Әсет Исекешевтің ізгі лебізін қала басшысының орынбасары Ермек Аманшаев жеткізді.

— Құрметті Серік Тұрғынбекұлы! Сізді ғұмырыңыздың асқаралы белесі – 70 жылдық мерейтойыңызben шын жүректен құттықтаймын! Сіз – қазақ поэзиясында өзіндік орны бар, айрықша қолтаңбасы қалыптасқан көрнекті ақынсыз. Қазақ әдебиетіне қосқан үлесінің оқырман қауым тарапынан жоғары бағаланып, көпшіліктің сүйікті ақынына айналдыңыз. «Мұқағали» драмасы мен «Кейкі батыр» дастаныңызды халық зор ықыласпен қабылдады. Осындай шығармаларыңыз өскелен ұрпаққа тағылымы мол мұра боп қалары сөзсіз. Жүргіңіздің түбінен мәлдір сезім болып ақ қағаз бетіне түскен өлеңдеріңіз халықтың сүйікті әндеріне айналғаны да ақиқат. Қадірлі Серік Тұрғынбекұлы! Бұл айтуды күнде Сізге зор денсаулық, мол бақыт, шығармашылық табыс тілеймін, – деген жолдарды оқыған Ермек Әмірханұлы қала басшысының атынан ақынның иығына шапан жапты.

«Серік өлеңдері – арындал алып та қашпайтын, бір орында тапжылмай тұра да бермейтін, бойында қаны бар байыпты, байсалды жырлар. Ол бойындағы дарынын шашпай-төкпей, асықпай, аптықпай, жаймен, ақылмен жырлауға үмтыйлады» деген екен кезінде Серік Тұрғынбекұлының шығармашылығы жөнінде ақиық ақын Мұқағали Мақатаев. Жастық шағында Мұқағалидың соңына еріп, оны ұстаз тұтқан ақынның қаламынан кейіннен «Мұқағали» драмасы туды. Бұл туынды Астанадағы Құанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық Қазақ музыкалық драма театрының репертуарынан түспей келе жатқанына да он бес жылдың жүзі болды. Кеште аталған драмадан үзінді көрсетілді.

Дастандары мен драмаларына тарихи тұлғалардың өмірін арқау ететін Серік Тұрғынбекұлы «Шэмшінің әні» аталатын пьесаны да жазып тастапты. Басты рөлге Жастар одағы сыйлығының иегері Нұрай Танабаев тандалған спектакльден де бір үзік көріністі тамашаладық. Бұйырса, келесі жылды бұл қойылым қалың көрерменге де жетеді. Ал бұл кештегі сахналық қойылымдарды Қалекки театрының әртістері әсерлі ойнап шықты.

## Тұған елдің медалін тақты

Был – Қостанай облысының 80 жылдығы.

Осыған орай облыс әкімінің тапсырмасымен «Тобыл-Торғай» күміс медалі жасалды.

Оның тұңғыш иегері Серік Тұрғынбекұлы атанды. Сондай-ақ, кеште ақынға өзінің тұған жері – Жангелдин ауданының «Құрметті азаматы» атағы тапсырылды.

Композитор Қарасай Сайжанов Серік Тұрғынбекұлына «Серік сері» атты күй де арнаған екен. Бұл күйді Астана қаласы мемлекеттік академиялық филармониясының Қазақ оркесті (дирижері КР Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов) орындаады.

Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы ақынның «Кейкі батыр» дастаны жөнінде «Қазақ өлеңінің жалында құйындай ойнайтын шабандоз ақын Серік Тұрғынбекұлы бұл дастанында су шайқалмас жорғадай төгіліп-ақ бағыпты. Құллі ұлт болып өз тарихымызды саралап жатқан рухани ізденіске өрелі үлес қосқан талантты суреткерге риза болмасқа хақыңыз жоқ» деген пікірін айткан. Бұл поэма туралы халқымыздың тағы бір дара тұлғасы Ақселеу Сейдімбек: «Дастан қазақ топырағында қалыптасып, қабырға қатайтқан оқиғалы поэмалардың үлгісінде жазылған. Жат жүрттың рухани үрдісіне еліктеу де, солықтау да жоқ. Сөйте отырып бес ғасырлық мектебі бар қазақ поэзиясының поэтикалық мол ғибратын ақын Серік қапысыз пайдаланып отырады» деген.

## 15 жасында әнге сөз жазды

Алдыңғы толқын ағалардан осындағы көңілді өсіретін сөздерді естіген

ақынның қара өлеңде де, әдебиеттің поэма, драма жанрларында да жеткен табыстары жетерлік. Ал Серік Тұрғынбекұлының ән мәтіндері – бөлек дүние. 100-ден астам әнге сөз жазған ақын Әбілахат Еспаев, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев, Сейдолла Бәйтереков, Кеңес Дүйсекеев, Алтынбек Қоразбаев, Қалибек Деріпсалдин, Марат Омаров сынды танымал композиторлармен шығармашылық одак құрған. Кейбір әндер қазір белгілі болып жүрген бірқатар әншілердің өнерінің өрістеуіне де жол ашқан. Мәселен, Қанат пен Айткүл Құдайбергеновтер Серік ақын сөзін жазған Әсет Бейсеуовтің «Жолың болсын, жолаушы» әнімен көпшілікке танылды. Осы жұп ақынды мерейтойымен құттықтап, аталмыш әнге салды.



Сонау алпысыншы жылдардың басында Серік Тұрғынбекұлының дарынын талантты композитор Болат Хамзин байқайды. Сөйтіп отырып, он бес жасар ақынға «Торғай қызы» деген әнге сөз жазуға тапсырыс береді. Бала ақын оның бұл тілегін орындаиды. Міне, содан бері бұл ән Торғай атырабында шырқалып келеді. Кеште бұл әнді әнші Отарқұл Мұқатова тамылжытты. Сондай-ақ, Сұлушаш Нұрмамбетова, Сембек Жұмағалиев, Тамара Асар, Нұргали Тұрлыбеков, Марат және Зарина Омаровтар, Гүлзира Бекейханқызы, Жазгүл Даңылбаева ақын сөзіне жазылған әндерді салды. ҚР Халық әртісі Нұрғали Нұсіпжановтың Алматы қаласынан ат арытып жетуі көпшілікке үлкен сый болды. Филармонияның Қазақ оркестрінің сүйемелдеуімен Әсет Бейсеуовтің «Сағынып келдім, Торғайым» әнін шырқаған майталман әнші әлі де бабында екенін көрсетті. Сондай-ақ, Торғайдан шыққан талантты әнші Ғазиза Жұмекенова мен Зағипа Иманғазиева да жанды дауыста әндерді орындауды. Серік Тұрғынбекұлын елі құрметтейді екен. Ақынның мерейін өсірген бұл кештің ұйымдастырылуы осыған көз жеткізді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ